

## Қарасу негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылында 2-3-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.

**Сыныптың тәрбие жұмысының мәселесі:** Оқушыларды заманауи, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тәрбиелеу.

Өткен оқу жылындағы мақсат-міндеттер: сынып ұжымын қалыптастыру, балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, оқуға деген ынтасын арттыру, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелік іс-шаралар арқылы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру.

Бұл бағытта сыныпта «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Қазақ жазушыларының әдебиеттері», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Қазақтың 100 әні», «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» тақырыбында сынып сағаттары мен тәрбиелік шаралар өткізіліп, балалардың ұлттық құндылықтары туралы таным-түсінігі



қалыптасты.

2022-2023 оқу жылының 1-қыркүйектегі білім сағаты – «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты шарадан басталып, оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырудан басталады. 32 жыл ішіндегі еліміздің қол жеткізген толағай табыстары туралы толық ұғымдары қалыптасты.

«Отбасы тәрбиесі» саласы бойынша сыныпта «Мен отбасыммен мақтанамын», «Бақытты балалық шақ», «Отбасы- бақыт мекені» тәрбие сағаттары арқылы балалар өз отбасы туралы әңгімелеуді, қарым -қатынасты, кіші отанның не екенін ұғынды. «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағытында «Бүкіл әлем мен үшін», « Пайдалы кеңестер және жағымсыз әдеттер», «Сыр сандық» жұмбақ, мақал-мәтел сайысы, « Білгенге маржан» ойын сайыстарының тәрбиелік, танымдық мәні жақсы болды.

«Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағытында «Жеке бас гигиенасы-мықты денсаулық негізі», « Салауаттан бастау алған, денсаулық пен бақытқа ие болған» тақырыбындағы өткен жұмыстардың оқушылар үшін тағылымы мол болды. Оқушылар денсаулықты шыңдаудың сан түрлі жолдарын, оның маңызын толық білді.

Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің өсу көрсеткіштерінің өзгеруі 2022-2023 оқу жылы 2-сынып 6 оқушымен, 3-сынып 5 оқушымен басталды. 2-сыныпта 1 ер бала, 5 қыз бала, 3-сыныпта 4 ер бала 1 қыз бала бар

**Көп балалы отбасылар:** Нұрсейітқызы Айсана (2-сынып)  
Ниязбекова Асылай, (2-сынып)  
Бектасқызы Көзайым. (2-сынып)  
Қыдырбай Дарын. (3-сынып)  
Талғат Осман. (3-сынып)  
Базарбай Нұрсұру(3-сынып)

Жыл бойы тәрбиенің басым бағыттары бойынша жүргізген жұмыстардың арқасында сынып ұжымы қалыптасты. Оқушылар мектеп ережелерінің не екенін ұғынды және оны сақтай білді. Көшеде жүру ережелерін, үйде және мектепте гигиеналық талаптарды сақтай білуді үйренді. Оқушылар сыныпта кезекшілік міндетті атқаруды үйренді. Мектеп дәлізінде, кітапханада т.б. орындарда тәртіп сақтай білетін дәрежеге жетті. «Сөздің басы-сәлем» демекші, тәрбиенің қайнар бастауы адамгершілік болса, сынып оқушылары мектеп мұғалімдерімен, басқа сынып оқушыларымен ізетті түрде амандасуды, сыпайы әңгімелесуді үйренді.

Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылының тәрбие сағаттарының жоспары бекітілді. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар өткізілді. Сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тыйым салу, сауалнама, баяндама, презентациялар ұйымдастырылды. Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымы 100% болды. Табысты тәрбие жұмысының негізі- оқу үдерісіне барлық қатысушылардың қызметі. Осы орайда оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп үйірмелері жоспарға сай, уақытылы жұмыс жасап келеді.


**Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.**

Балалар және театр
1. Тынышбай Каусар 2. Бектасқызы Көзайым 3. Базарбаева Нұрсұлу 4. Сырбайұлы Ерқосай 5. Тастемірова Айару



Қыкүйек айынан бастап ата-аналармен жұмыс жолға қойылып, жұмыс жоспары жасалынды. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспарлы

жұмыстарына (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел, т.б) бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жұмыстарға қатысып отырды. Тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары өтіп отырды.



**Сынып жетекшісі:**

**М.Р.Ермек**